

6 ТЕОРИЯ И МЕТОДИКА ОБУЧЕНИЯ, ВОСПИТАНИЯ, ОБРАЗОВАНИЯ

FTAXP 15.41.21
ӘОЖ 159.9.07

<https://doi.org/10.46914/2959-3999-2023-1-1-76-83>

Б.П. МЫРЗАТАЕВА,*¹

психол.ф.к., қауымдастырылған профессор.

*e-mail: b.myrzatayeva@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0002-7990-2132

М.С. ТОЛЕУБАЕВА,¹

магистрант.

e-mail: 21220917@turan-edu.kz

ORCID ID: 0009-0005-6276-9717

¹«Тұран» университеті,

Алматы қ., Қазақстан

КОЛЛЕДЖДЕГІ БІРІНШІ КУРС СТУДЕНТТЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БЕЙІМДЕЛУ МӘСЕЛЕСІН ЗЕРТТЕУ

Андатпа

Бірінші курс студенттерінің бейімделуі қазіргі зерттеу саласында негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Бейімделу кезеңі барлық оқу кезеңінде жүреді. Алайда, аса маңызды кезең, өзіндік іргетасын қалайтын бірінші курста оқу кезеңі. Болашақ маманның кәсіби іс-әрекеті оның бейімділік деңгейіне байланысты. Мақалада колледждегі бірінші курс студенттерінің әлеуметтік-психологиялық бейімделуін зерттеудегі констатациялық эксперимент нәтижелері келтірілген. Зерттеу жұмысы Алматы мемлекеттік политехникалық колледжінің базасында жүргізілді. Зерттеуге оқытудың әртүрлі бағыттары бойынша оқитын бірінші курс студенттері қатысты. Зерттеу нәтижесінде білім беру мекемесіне бейімделуі қиынға соғатын студенттердің бар екендігі анықталды. Студенттердің колледжге ойдағыдай, табысты бейімделуі үшін оңтайлы жағдай жасау қажет. Колледжге бейімделу үдерісінде байқалатын мазасыздық, қорқыныш, қарым-қатынас қиындықтарын жету, өзін-өзі оң бағалау, өзіндік «Менін» дұрыс қалыптастыру үшін ұжымда қолайлы психологиялық ахуал құруға, сондай-ақ тұлғааралық тиімді қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталып арнайы құрастырылған тренингтік бағдарлама іске асырылуы тиіс.

Тірек сөздер: бейімделу, әлеуметтік-психологиялық бейімделу, колледжге бейімделу, колледждің бірінші курс студенттерінің бейімделуі, психологиялық сүйемелдеу.

Кіріспе

Бірінші курс студенттерінің колледждегі оқуға бейімделу мәселесі аса өзекті, себебі ондағы оқу барысында кәсіби негіздері бекітіліп, өзгермелі жағдайда үздіксіз өзіндік білім алуға қажеттілік пен дайындық қалыптасады. Оқуға түскен әрбір студенттің колледж өміріне табысты бейімделуі – олардың тұлға ретіндегі және болашақ маман ретіндегі даму кепілі. Демек, болашақ маманның кәсіби іс-әрекеті оның бейімділік деңгейіне байланысты.

Студенттер әлеуметтік-психологиялық бейімделу үдерісінде көптеген қиындықтарды бағындырып өткереді. Олар мыналар болуы мүмкін: мектеп ұжымынан кетумен байланысты қобалжулар; таңдалған мамандыққа мотивациялық дайындықтың жеткіліксіздігі; өзін психологиялық басқарып, реттей алмау (өзіндік жұмыстарды орындау дағдысының болмауы; конспект жаза алмау; түпнегіздермен, ғылыми әдебиеттермен, сөздіктермен, каталогтармен жұмыс жасай білмеу); жаңа жағдайда ұтымды еңбек тәртібі мен демалысты аңсау; өзінің курстастары мен оқытушылар алдында сөйлеуден қорқу; басқа қаладан, ауыл-аймақтардан келген студенттердің әлеуметтік-экономикалық мәселелері: өзін баспанамен және қаржымен қамтамасыз ету, жаңа қаланы білмеу, туыс-туғандары мен жақындарының эмоциялық қолдауының болмауы. Осындай

жағдайда студенттерге салауатты өмірлік стильді қалыптастыруға мүмкіндік жасайтын ресурстарды ұғынуына және осы ресурстарды дамытуға көмектесіп, олардың негізінде салауатты мінез-құлық стратегиялары мен дағдыларын қалыптастыру қажет.

Бейімделу кезеңі барлық оқу кезеңінде жүреді. Алайда, аса маңызды, өзіндік іргетасын қалайтын кезең бірінші курста оқу болып табылады. Сондықтан, студенттердің колледжге ойдағыдай, табысты бейімделуі үшін оңтайлы жағдай жасау қажет.

Әдебиетке шолу

Әлеуметтік-психологиялық бейімделу мәселесі студенттердің жеке басының дамуының маңызды факторы ретінде шетелдік зерттеушілердің (Фромм Э., Адлер А., Эриксон Э., Олпорт Г., Роттер Д., Роджерс К., Дьюи Дж.), ресейлік ғалымдардың (Б.Г. Ананьев, А.А. Бодалев, И.А. Зимняя, Т. Шибутани, Л.Д. Столяренко, А.А. Реан және т.б.) және қазақстандық авторлардың (С.М. Жақыпов, М. Шайхова, А. Жайтапова және т.б.) еңбектерінде қарастырылғанымен, 1-курс студенттерінің колледж жағдайына бейімделу мәселесі жеткілікті дәрежеде терең зерттелмеген.

Э. Фроммның «Еркіндіктен қашу» еңбегінде бейімделуді статикалық және динамикалық деген түрлерге бөлген [1].

Статикалық бейімделу – бұл адамның мінезі өзгеріссіз, тұрақты болып қалатын, тек қандай да бір жаңа әдеттердің пайда болуы мүмкіндігін көрсететін бейімделу.

Динамикалық бейімделу – жаңа талпыныс, адам мінезінің өзгеруіне байланысты маза-сыздану байқалатын сыртқы жағдайларға бейімделу.

Л.Д. Столяренко оқу орнына бейімделу екі бағыт бойынша жүреді деп есептейді:

- ♦ кәсіби бейімделу, оқу үрдісінің шарттарына, мазмұнына, жағдайлары мен ұйымдастырылуына икемделу, оқыту және ғылыми жұмыстарда дербестік дағдыларын қалыптастыру;
- ♦ әлеуметтік-психологиялық бейімделу – индивидтің топпен қарым-қатынасы, топқа бейімделуі және өзіне тән мінез-құлық стилінің анықталуы [2].

Негізгі ережелер

Бейімделу – белсенді әрекеттің алғышарты және оның қызметінің қажетті шарты. Бұл тұлғаның белгілі бір әлеуметтік рөлде сәтті жұмыс істеуі үшін бейімделудің оң мәні болып табылады. Бейімделу қабілеті деп – қоршаған ортаның әртүрлі талаптарына адамның ішкі ыңғайсыздық сезімінсіз және қақтығыссыз (әлеуметтік және физикалық) жауап беруін айтады.

Оқуға жаңа түскен студенттердің сәтті бейімделуі олардың:

- ♦ жаңа әлеуметтік ортаға;
- ♦ оқу-танымдық процесіне;
- ♦ жаңа қарым-қатынас жүйесіне қосылуы деп санауға болады.

Бірінші курста жасөспірімнің оқуға, болашақ кәсіби қызметке деген көзқарасы қалыптасады, «өзін-өзі белсенді іздеуі» жалғасады. Тіпті, мектепті жақсы бітіргендер де бірінші курста бірден өз қабілеттеріне сенімді бола алмайды. Бірінші сәтсіздік, кейде көңілсіздікке, перспективаны жоғалтуға, пассивтілікке әкеледі. Осы себептерге байланысты бірінші курс студенттерін бейімдеу көптеген қиындықтар тудыруы мүмкін.

М.С. Яницкийдің пікірінше, колледждегі оқу кезеңі адамның өмірінде осы кезеңде болып жатқан жеке өсу, оның тұлға ретінде қалыптасуы тұрғысынан ең маңызды болып табылады [3].

Бірқатар авторлар студенттердің бейімделу процесінің үш негізгі компонентін ажыратады: әлеуметтік-психологиялық, психологиялық және іс-әрекеттік. Бірінші компонент білім алушының әлеуметтік рөлін өзгертуді қамтиды. Психологиялық компонент кәсіптік оқыту жағдайында студенттердің ойлауы мен сөйлеуін қайта құруды қамтиды. Іс-әрекеттік компонент жаңа психофизиологиялық жүктемелерге бейімделуді қамтиды [4].

Колледж жағдайына бейімделу білім беру үдерісінде тек кәсіби білімді игеруде ғана емес, сонымен бірге қоғамның мәдени қабатын жаңғыртуда да ерекше маңызға ие болады. Ауылдан келген талапкерлердің колледжге түскеннен кейін өмір сүруінің маңызды әлеуметтік-мәдени жағдайлары күрт өзгереді: олар жаңа ортаға түседі, оқу іс-әрекетінің мазмұны өзгереді, аудиториялық сабақтар кезінде ғана емес, сабақтан тыс уақытта да жаңа коммуникативтік кеңістік құрылады. Студенттер тобында бір-біріне бұрын таныс емес жасөспірімдер шоғырланады, олардың арасында тұлғааралық қатынастар қалыптаса бастайды [5].

Сәтті бейімделу жолындағы кедергі – оқуға қабылдау кезінде көптеген ауыл балаларының қала балаларымен салыстырғанда білім деңгейінің төмендігі. Демек, сәйкесінше, қалалық студенттердің алдында өзін төмен санау сезімі пайда болады. Қалаға келу студенттің алдында нақты өмірлік проблемалар туғызады және ең маңыздыларының бірі жататын орынға орналасумен байланысты. Колледж, тіркеулер, баспананың жоғары бағасы, ауыл студентінің қалада пәтер сатып ала алмауы – жасөспірімнің оқуға түскенге дейін шешуі керек өте маңызды мәселелер [6]. Ал студенттің бұл мәселені шешуінің үш нұсқасы бар – туыстарымен бірге тұру, жатақханада тұру немесе пәтер жалдау. Жеке пәтер студенттің жатақханадағы туыстарымен көршілерінен тәуелсіздігі тұрғысынан ең қолайлы нұсқа болып табылады. Студенттердің өздері мойындаған ең маңызды қауіп – бұл шексіз еркіндік, өзін-өзі толық қамтамасыз ету. Көбісі мұндай жауапкершілікке төтеп бере алмайды, тіпті оқу орнын тастауға дейін жететін жағдайлар болады [7].

Колледжге түсуге ниеттеніп келген талапкерлер естіген жарнамаға аңғалдықпен сеніп, барлығын оңай деп көретінін айту да маңызды. Студент мәртебесіне ие болған соң олар ата-анасының қамқорлығынан және бақылауынан алшақ өмір сүре отырып, айтарлықтай психологиялық күйзеліске ұшырай бастайды. Студенттердің жатақхана өміріне бейімделуі олардың жалпы әлеуметтік бейімделуінің маңызды параметрі болып табылады. Жатақханада тұратын студенттер басқа студенттерге қарағанда оқу тобына аз интеграцияланған, керісінше басқа әлеуметтік топтарға тез сіңіседі (көршілер, «жерлестер» және т.б.). Сонымен қатар, жеке, аудиториядан тыс сабақтар да олар үшін үлкен қиындық тудырады.

Жоғарыда айтылғандардың нәтижесінде бейімделу үдерісінің сәттілігіне сәйкес студенттердің үш тобын бөлуге болады.

Бірінші топ – бейімделмеген. Қоғамның адамдардың мүдделеріне икемделуі тұлғаның терең бейімделуіне және оның өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасайды. Ал тұлғаның бейімделуі өз кезегінде қоғамның интеграциясына және оның тұрақты дамуына ықпал етеді. Әйтпесе, бір жақты, яғни толық емес бейімделу туралы айтуға болады. Мұны бейімделе алмау күйі деп атайды. Осы топқа кірген студенттер жаңа коммуникативтік байланыстар құра алмайды. Олар қалаға, қала тұрғындарына, колледждегі оқу үдерісіне кері қарым-қатынасты сезінеді, диплом мен білім алуға қызығушылықтары болмайды. Оқуға түсу мақсатын «ата-аналарының қалауы» деп түсіндіреді. Көбінесе болашаққа жоспар құрмайды, бір күнмен өмір сүреді.

Екінші топ – пассивті бейімделген. Осы топтың өкілдері оқу жылдарында өзімен тең студенттермен рулық-жерлестік қарым-қатынас шеңберін құрады. Бұл студенттер оқу орнына түсу мақсаттарын әртүрлі түсіндіреді: болашақта жұмысқа орналасуға көмектесетін «диплом деген қағазым болса болды» деген ұмтылыстан бастап, әлеуметтік қорғалуды қамтамасыз ететін білім алуға дейінгі жол. Осы топтың студенттері қалада қалу немесе ауылға оралу ниетіне қарамастан болашаққа белсенді жоспарлар құрады.

Үшінші топ – белсенді бейімделген. Бұл топтың студенттері оқу орнының әлеуметтік-мәдени ортасына сәтті бейімделеді. Өздерін «тұтаспыз» деп санай отырып, студенттер қалалықтармен әлеуметтік байланыстарды белсенді түрде құрады. Білім алу мақсаттары да әртүрлі: білімді адам мәртебесіне ие болуға деген ұмтылыс, мансаптық ұмтылыс және т.б. Бұл топтағы студенттер қалада қалуды немесе олардың пікірінше, болашағы зор басқа қалаларға кетуді жөн көреді. Нәтижесінде тек осы бір топ үшін ғана – колледжге бейімделу кезеңі сәтті өтеді, өйткені бұл студенттер өзіне қоғамның толыққанды мүшесі болуға мүмкіндік беретін білім, нормалар мен құндылықтар жүйесін игереді және жаңғыртады.

Осылайша, біз зерттеп отырған тақырып бойынша қазіргі заманғы шетелдік және ресейлік әдебиеттерде бұл мәселеге әртүрлі көзқарастар бар. Бірақ тұғырлардың көпшілігі студенттердің бейімделу үдерісін жан-жақты зерттеу қажеттілігін көрсетеді. Сондықтан алдымен 1-курс студенттерінің колледжге бейімделу деңгейлерін анықтап, психологиялық қолдау жұмыстарына бағытталған шараларды дамыту қолға алынуы керек деп есептейміз.

Осы тұрғыда мақаланың мақсаты колледждегі бірінші курс студенттерінің оқу орнына бейімделу деңгейін анықтау және нәтижелерін ұсыну болды.

Зерттеу Алматы мемлекеттік политехникалық колледжінің базасында жүргізілді. Эксперименттік жұмысқа оқытудың әртүрлі бағыттары бойынша бірінші курста оқитын 15–16 жастағы 80 студент: 58 ұл, 22 қыз қатысты.

Материалдар мен әдістер

Эксперименттік зерттеу келесі әдістемелерді қолдану арқылы жүргізілді:

1. Т.Д. Дубовицкая және А.В. Крылованың «Студенттердің оқу орнына бейімделуі» әдістемесі. Әдістемеде 16 пайымдаулар жиынтығы беріледі, олардың көмегімен бейімделу екі көрсеткіш бойынша анықталады: топқа бейімделу және оқу қызметіне бейімделу [8].

2. Г.Н. Казанцеваның «Өзін-өзі бағалау» тесті. Тест 20 сұрақтан тұрады және де тұлғаның өзін-өзі бағалау деңгейін анықтайды [9].

3. Г.Ю. Айзенктің «Тұлғаның психикалық жай-күйін өзін-өзі бағалау» әдістемесі. Әдістеме 40 тұжырымнан тұрады. Бұл сауалнама сыналудың психикалық күйін мойындау немесе жоққа шығаруға арқылы мазасыздық, фрустрация, агрессивтілік және ригидтілік деңгейлерін анықтауға мүмкіндік береді [10].

Нәтижелер мен талқылау

Бірінші курста оқитын колледж студенттерінің әлеуметтік-психологиялық бейімделуіне диагностика жүргізу барысында келесі мәліметтер алынды.

Т.Д. Дубовицкая және А.В. Крылованың «Студенттердің оқу орнына бейімделуі» әдістемесін жүргізу барысында біз топқа және оқу қызметіне бейімделу деңгейі бойынша келесі нәтижелерді алдық (1-кесте).

Кесте 1 – 1-курс студенттерінің оқу орнына бейімделу деңгейлерінің көрсеткіштері

Студенттер саны	Бейімделу бағыттары	Бейімделу деңгейлері		
		Жоғары	Орташа	Төмен
80	оқу қызметіне	27 (34%)	38 (47%)	15 (19%)
	оқу тобына	38 (47,5%)	26 (32,5%)	16 (20%)

1-кестеден біз бірінші курс студенттерінің оқу қызметіне (жоғары деңгей – 34 %) қарағанда топқа (жоғары деңгей – 47,5%) көбірек бейімделгенін көреміз. Бұл студенттердің топқа үйренісуі оқу қызметіне қарағанда жылдам жүргенін білдіреді.

15–16 жастағы жасөспірімдердің 38 (47,5%) топқа бейімделу деңгейі жоғары, 26 (32,5%) студентте орташа деңгей, 16 (20%)-да төменгі деңгей.

Жүргізілген тест нәтижесі бойынша оқу қызметіне жоғары бейімділігімен ерекшеленетін студенттер 27 (34%) пәндерді оңай меңгереді, оқу тапсырмаларын ойдағыдай және уақытында орындайды, қажет болған жағдайда оқытушыдан көмек сұрай алады, өз ойын еркін жеткізе алады, сабақта өз даралығын, қабілеттерін көрсетеді.

Оқу қызметіне бейімделу деңгейі төмен 15 (19%) студент анықталды. Мұндай студенттер оқу пәндерін меңгеруде және оқу тапсырмаларын орындауда қиналады. Оқытылатын көптеген пәндер бойынша олар қосымша кеңес беруді қажет етеді. Сонымен қатар, мұндай жасөспірімдер сабақта өзінің даралығын, қабілеттерін көрсете алмайды, тапсырмаларды уақытылы орындау оларға қиынға соғады.

Ал топқа бейімделу деңгейі жоғары студенттер курстастарының арасында өзін жайлы сезінетінін, топтағы студенттермен оңай тіл табысатынын, топта қабылданған нормалар мен ережелерді ұстанатынын көрсетеді. Қажет болса, олар көмек алу үшін курстастарына жүгіне алады, белсенді бола алады.

Топқа төмен деңгейде бейімделген студенттер 20%-ды құрады. Олар топтағы құрбы-құрдастарымен қарым-қатынаста қиындықтарды бастан кешіріп, ортақ тіл табыса алмайды. Мұндай жасөспірімдер топта қабылданған нормалар мен ережелерді ұстанбайды, өзге студенттердің көзқарастарын түсініп, қабылдай алмайды.

15–16 жастағы жасөспірімдердің колледжге бейімделуіне өзін-өзі бағалауы қаншалықты әсер ететіндігін анықтау үшін жүргізілген Г.Н. Казанцеваның «Өзін-өзі бағалау» тесті бойынша келесі нәтижелерді алдық (2-кесте, 80 б.).

Кесте 2 – 1- курс студенттерінің өзін-өзі бағалау деңгейлерінің көрсеткіштері

Студенттер саны	Өзін-өзі бағалау деңгейлері		
	Жоғары	Орташа	Төмен
80	9 (11%)	64 (80%)	7 (9%)

2-кестеден біз 15–16 жастағы жасөспірімдердің басым көпшілігінде (64 студенттің (80%)) өзін-өзі бағалауы орташа, 9 (11%) жасөспірімнің өзін-өзі бағалауы жоғары, 7 (9%) жасөспірім студенттің өзін-өзі бағалауы төмен екендігін көреміз. Бұл нәтижелер олардың колледжге бейімделе алмауына тікелей әсер ететін фактор екендігін көрсетеді, яғни колледжге толықтай бейімделуі үшін жасөспірімнің өзін-өзі бағалауы тым жоғары немесе тым төмен болмауы тиіс деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Ал Г.Ю. Айзенктің «Тұлғаның психикалық жай-күйін өзін-өзі бағалау» әдістемесін жүргізу нәтижесінде төмендегі көрсеткіштерін анықтадық (3-кесте).

Кесте 3 – 1-курс студенттерінің психикалық жай-күйін өзін-өзі бағалау көрсеткіштері

Студенттер саны	Психикалық жай-күйінің сипаттамалары	Психикалық жай-күйінің деңгейлері		
		Жоғары	Орташа	Төмен
80	Мазасыздық	23 (28,7%)	47 (58,2%)	10 (13,1%)
	Агрессивтілік	16 (20%)	26 (33%)	38 (47%)
	Фрустрация	0 (0%)	17 (21%)	63 (79%)
	Ригидтілік	0 (0%)	46 (58 %)	34 (42%)

3-кестеден 23 (28,7%) студентте мазасыздық деңгейі төмен, 47 (58,2%) студентте орташа, 10 (13,1%) студентте жоғары екенін көруге болады. Мазасыздықтың төмен деңгейі студенттердің оқуға жеткіліксіз жауапкершілікті қатынасының факторы ретінде қызмет етуі мүмкін, орташа деңгей – қиындықты күтумен байланысты эмоциялық ыңғайсыздық, рұқсат етілген қалыпты деңгей, жоғары деңгейі – тым жоғары қобалжу, күйгелектікті көрсетеді.

Сонымен қатар, 16 (20%) студентте агрессивтілік деңгейі жоғары, 26 (33%) студентте орташа, 38 (47%) студентте төмен екендігі анықталды. Мұнда агрессивтіліктің жоғары деңгейі – ұстамсыздық, адамдармен қарым-қатынас жасаудағы қиындықтар, құрдастарына қатысты артықшылықты, орташа деңгейі – басқа адамдарға орташа дұшпандықты, төменгі деңгей – адамдармен қарым-қатынаста жылыжүзділікті, ақкөңілділікті көрсетеді.

Ал фрустрация деңгейі мен ригидтілік деңгейі 1 курс студенттерінің ешқайсысында анықталған жоқ. 17 (21%) студентте фрустрация деңгейі орташа, 63 (79%) студентте төмен болып шықты. Фрустрацияның орташа деңгейі студенттердің бойында діттеген максатын орындай алмаған жағымсыз тәжірибесінің, тітіркенудің бар екендігінің көрінісі болса, төменгі деңгейі – алға қойған мақсаттарына жете алған, жоспарларын орындай алатын, өздеріне сенімділіктерін көрсетеді.

Сондай-ақ 46 (58%) студентте ригидтілік деңгейі орташа, 34 (42%) студентте төмен болды. Ригидтілік деңгейін диагностикалау нәтижелері мыналарды көрсетеді: студенттердің 58% -да ригидтіліктің орташа деңгейі, яғни бір әрекеттен екіншісіне «ауысу», мінез-құлықтың, көзқарастың, сенімнің өзгергіштігі, 42% -ы бір әрекеттен екіншісіне «жеңіл» ауысады.

Әдістеменің нәтижелері студенттердің оқу қабілеттеріне қойылатын жоғары талаптар аясында шаршау мен психоэмоциялық күйзелістерді көрсетуі мүмкін.

Алынған мәліметтерге сүйене отырып, жасөспірімдік шақта қарым-қатынас пен тұлғааралық қатынастар жастардың өмірінде ерекше үлкен орын алады және олар үшін дербес құндылық болып табылады деп айта аламыз. Ерте жастық шақта жақсы достар табуға деген қажеттілік анық байқала бастайды. Жыныстық жетілу жаңа сезімдер, эмоциялық еркіндікте болу және ата-аналарынан тәуелсіз болу тілегін тудырады.

Сондай-ақ, жүргізілген әдістемелердің нәтижесінде біз бейімделудің жоғары деңгейі бар студенттер орташа мазасыздыққа ие, агрессивтілік, фрустрация, ригидтілік сынды психикалық жай-күйлерінің төмен деңгейі, өзін-өзі бағалаудың орташа деңгейімен сипатталады деген қорытындыға келдік. Бейімделудің орташа деңгейі бар ұлдар мен қыздарда жоғары мазасыздық, агрессивтілік, фрустрация, ригидтіліктің орташа деңгейі, өзін-өзі жоғары бағалайды деп айта аламыз. Колледжге бейімделе алмаған студенттердің өзін-өзі бағалауы төмен, мазасыздықтың төмен деңгейі, агрессивтіліктің жоғары деңгейі, фрустрация мен ригидтіліктің орташа деңгейіне ие деген қорытындыға келдік.

Колледжге бейімделе алмаған студенттердің өзін-өзі бағалауының, мазасыздығының, агрессивтілігінің, фрустрация және ригидтілігінің анықталған деңгейлері олардың бейімделе алмауына тікелей әсерін тигізеді деп есептейміз. Сондықтан колледждегі бірінші курс студенттерінің оқу орнына бейімделуі үшін жағдай жасау мақсатында олардың бойындағы мазасыздық, агрессивтілік деңгейлерін төмендету, өзін-өзі оң бағалауын, өзіндік «Менін» дұрыс қалыптастыруы үшін ұжымда қолайлы психологиялық ахуал құруға, сондай-ақ тұлғааралық тиімді қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталып арнайы құрастырылған тренингтік бағдарлама іске асырылуы тиіс.

Қорытынды

Зерттеу нәтижесінде колледжге бейімделуде қиындықтарға тап болған және оқытушылардың, психологтың, топ жетекшілерінің, басқа да педагог қызметкерлердің көмегіне мұқтаж студенттер бар екені анықталды. Оқу қызметіне бейімделуі мен топқа бейімделудің төмен деңгейін көрсеткен мұндай жасөспірімдер жалпы бірінші курс студенттерінің $\frac{1}{4}$ -ін құрады. Бүкіл студенттердің 11%-ының өзі-өзі бағалауы жоғары, 9%-ының өзі-өзі бағалауы төмен, 20%-ының агрессивтілік деңгейі, 28,7%-ының мазасыздығы жоғары.

Мазасыздық деңгейінің жоғары көрсеткіші стресстік жағдайларға эмоциялық реакция ретінде пайда болады. Біздің зерттеуімізде жаңа оқу орнына, жаңа ұжымға көшуді жасөспірімдер үшін стресстік жағдай деп санауға болады. Көптеген сарапшылардың пікірінше, мазасыздықтың күшеюі жағымсыз эмоциялық фонмен жүретін, мінез-құлықтың тұрақсыздығын тудыратын, мазасыздану иесі үшін де, оның айналасындағы адамдар үшін де жағымсыз салдары бар ішкі жанжалдардың болуының дәлелі.

Осы алынған мәліметтерге сүйеніп біз мынадай қорытынды жасаймыз: өзін-өзі бағалауы тым жоғары студенттердің, мазасыздық деңгейі төмен болып, оқуға немқұрайлылықпен қарайды да, оқу қызметіне бейімделуде қиындықтарға кезігеді. Ол өзін өзгелерден артық санап, артықшылығын көрсету арқылы құрдастарымен қарым-қатынаста қиындықтарға тап болады.

Ал өзін-өзі бағалауы төмен студенттердің мазасыздық деңгейі жоғары болады. Мазасыздық деңгейінің жоғары болуы студент үшін де айналасындағылар үшін де қауіпті. Себебі, мазасызданғанда ашуға ерік беріп, айналасындағылармен жанжалға түсуі мүмкін. Сонымен қатар, кейбір өзін-өзі бағалауы төмен студенттер өзіне сенімсіз, жасқаншақ, күйгелек болады. Әр ісіне күмәнданып жүргенде үй тапсырмасын уақытылы орындап, жіберуде кешігеді. Тиісінше, оқу қызметіне бейімделуі қиынға соғады. Сол себепті студенттердің эмоциялық күйіне, іс-әрекеттеріне аса қатты мән берілуі тиіс.

Қорыта айтқанда студенттердің колледжге бейімделуін кәсібилендіру барысында индивидтің өзгермелі әлеуметтік жағдайларға бейімделуіндегі және осы үздіксіз үдерісте туындайтын дағдарыстық кезеңдерді жеңу нәтижесінде пайда болатын даму процесі ретінде қарастыру керек. Ол біріншіден, студенттің оқыту жүйесіне біртіндеп енуін, оқытудың жаңа формалары мен әдістерін игеруін, оқу үдерісінде дербестік дағдыларын дамытуды қамтиды. Екіншіден, студенттік өмір үшін қажетті нормаларды игеру, олардың көмегімен курстастары мен оқытушыларын қамтитын жаңа ұжымға бейімделуі білдіреді. Үшіншіден, кәсіби маңызды қасиеттерді қалыптастыру үдерісіндегі студенттердің болашақ мамандығына психологиялық дайындығынан тұрады.

Сонымен қатар, бейімделу колледждегі жаңа жағдайларға бейімделумен шектелмейді, бұл студенттің тұлға ретінде дамуын болжайды.

ОДЕБИЕТТЕР

- 1 Fromm E. *Escape from Freedom* (Kindle Edition). Open Road Media / Owl Book Kindle edition, 2013, 309 p.
- 2 Столяренко Л.Д. Основы психологии и педагогики: учебное пособие для вузов / Л.Д. Столяренко, В.Е. Столяренко. – 4-е изд., перераб. и доп. – Москва: Издательство Юрайт, 2023. – 134 с. ISBN 978-5-534-09450-3. URL: <https://urait.ru/bcode/510648> (дата обращения: 14.02.2023)
- 3 Ахметова Ж.Ж.; научн.рук. Беликов В.А. Влияние стиля семейного воспитания на социально-психологическую адаптацию студентов первых курсов колледжей. Выходная квалификационная работа магистра / Челябинск, 2016. – 73 с. URL: <http://elbib.cspu.ru/xmlui/bitstream/handle/123456789/3200/%D0%90%D1%85%D0%BC%D0%B5%D1%82%D0%BE%D0%B2%D0%B0.pdf?sequence=1&isAllowed=y>
- 4 Хаустова А.И. Социально-психологическая адаптация // Молодой ученый. – 2016. – № 26. – С. 614–617. URL: <https://moluch.ru/archive/130/36005/>.
- 5 Макаров С.Ю. Теория и практика консультирования (Особенности работы адвоката): учебное пособие для магистратуры / С.Ю. Макаров. – Москва: Норма: ИНФРА-М, 2022. – 112 с. ISBN 978-5-91768-780-3. URL: <https://znanium.com/catalog/product/1844263> (дата обращения: 14.02.2023)
- 6 Подласый И.П. Педагогика: учебник для прикладного бакалавриата / И.П. Подласый. – 3-е изд., перераб. и доп. – Москва: Издательство Юрайт, 2019. – 576 с. ISBN 978-5-534-03772-2. URL: <https://urait.ru/bcode/431096> (дата обращения: 14.02.2023)
- 7 Двойникова Е.Ю. Социально-психологическая адаптация личности в период глобальных политических и экономических преобразований общества // Интернет-журнал «Мир науки». – 2017. – Том 5. – № 3. URL: <http://mir-nauki.com/PDF/60PSMN317>
- 8 Дубовицкая Т.Д., Крылова А.В. Методика исследования адаптированности студентов в вузе // Психологическая наука и образование. – 2010. – № 2. – 240 с.
- 9 Тест на общую самооценку Казанцевой. URL: <https://psychiatry-test.ru/test/test-na-obshhujusamoocenku-kazancevoj/?ysclid=le7yw0d91j770286555>
- 10 Методика Г. Айзенка «Самооценки психических состояний». URL: <https://psychiatry-test.ru/test/samoocenka-psihicheskikh-sostoyanij-g-ajzenk/?ysclid=le7z75uxc62036053033>

REFERENCES

- 1 Fromm E. (2013) *Escape from Freedom* (Kindle Edition). Open Road Media / Owl Book Kindle edition, 309 p. (In English).
- 2 Stoljarenko L.D. (2023) *Osnovy psihologii i pedagogiki: uchebnoe posobie dlja vuzov* / L.D. Stoljarenko, V.E. Stoljarenko. 4-e izd., pererab. i dop. – Moskva: Izdatel'stvo Jurajt, 134 p. ISBN 978-5-534-09450-3. URL: <https://urait.ru/bcode/510648> (data obrashhenija: 14.02.2023). (In Russian).
- 3 Ahmetova Zh.Zh.; nauchn.ruk. Belikov V.A. (2016) *Vlijanie stilja semejnogo vospitanija na social'no-psihologicheskiju adaptaciju studentov pervyh kursov kolledzhej*. Vypusknaja kvalifikacionnaja rabota magistra / Cheljabinsk, 73 p. URL: <http://elbib.cspu.ru/xmlui/bitstream/handle/123456789/3200/%D0%90%D1%85%D0%BC%D0%B5%D1%82%D0%BE%D0%B2%D0%B0.pdf?sequence=1&isAllowed=y>. (In Russian).
- 4 Haustova A.I. (2016) *Social'no-psihologicheskaja adaptacija* // *Molodoj uchenyj*. No. 26. P. 614–617. URL: <https://moluch.ru/archive/130/36005/>. (In Russian).
- 5 Makarov S.Ju. (2022) *Teorija i praktika konsul'tirovanija (Osobennosti raboty advokata): uchebnoe posobie dlja magistratury* / S.Ju. Makarov. – Moskva: Norma: INFRA-M, 112 p. ISBN 978-5-91768-780-3. URL: <https://znanium.com/catalog/product/1844263> (data obrashhenija: 14.02.2023). (In Russian).
- 6 Podlasyj I.P. (2019) *Pedagogika: uchebnik dlja prikladnogo bakalavriata* / I.P. Podlasyj. – 3-e izd., pererab. i dop. – Moskva: Izdatel'stvo Jurajt, 576 p. ISBN 978-5-534-03772-2. URL: <https://urait.ru/bcode/431096> (data obrashhenija: 14.02.2023). (In Russian).
- 7 Dvojnjkova E.Ju. (2017) *Social'no-psihologicheskaja adaptacija lichnosti v period global'nyh politicheskikh i jekonomicheskikh preobrazovanij obshhestva* // *Internet-zhurnal «Mir nauki»*. V. 5. No. 3. URL: <http://mir-nauki.com/PDF/60PSMN317>. (In Russian).
- 8 Dubovickaja T.D., Krylova A.V. (2010) *Metodika issledovanija adaptirovannosti studentov v vuze* // *Psihologicheskaja nauka i obrazovanie*. No. 2. 240 p. (In Russian).
- 9 Test na obshhujusamoocenku Kazancevoj. URL: <https://psychiatry-test.ru/test/test-na-obshhujusamoocenku-kazancevoj/?ysclid=le7yw0d91j770286555>. (In Russian).
- 10 Metodika G. Ajzenka «Samoocenki psihicheskikh sostojanij». URL: <https://psychiatry-test.ru/test/samoocenka-psihicheskikh-sostoyanij-g-ajzenk/?ysclid=le7z75uxc62036053033>. (In Russian).

Б.П. МЫРЗАТАЕВА,*¹

к.психол.н., ассоциированный профессор.

*e-mail: b.myrzatayeva@turana.edu.kz

ORCID ID: 0000-0002-7990-2132

М.С. ТОЛЕУБАЕВА,¹

магистрант.

e-mail: 21220917@turana.edu.kz

ORCID ID: 0009-0005-6276-9717

¹ Университет «Туран», г. Алматы, Казахстан

ИССЛЕДОВАНИЕ ПРОБЛЕМЫ СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ АДАПТАЦИИ ПЕРВОКУРСНИКОВ КОЛЛЕДЖА

Аннотация

Адаптация первокурсников является одной из основных проблем в области современных исследований. Период адаптации проходит в течение всего периода обучения. Однако наиболее важным этапом является обучение на первом курсе, требующее собственного основания. Профессиональная деятельность будущего специалиста зависит от уровня его адаптации. В статье представлены результаты констатирующего эксперимента по изучению социально-психологической адаптации первокурсников колледжа. Исследовательская работа проводилась на базе Алматинского государственного политехнического колледжа. В исследовании приняли участие первокурсники, обучающиеся по различным направлениям. Исследование показало, что в образовательном учреждении есть студенты, которым трудно адаптироваться. Необходимо создать оптимальные условия для успешной адаптации студентов к колледжу. Для преодоления тревожности, страха, трудностей в общении, адекватной самооценки, правильного формирования собственного «Я» в процессе адаптации к колледжу должна быть реализована специально разработанная тренинговая программа психологической поддержки, направленная на создание благоприятного психологического климата в коллективе, а также на развитие навыков эффективного межличностного общения.

Ключевые слова: адаптация, социально-психологическая адаптация, адаптация к колледжу, адаптация первокурсников колледжа, психологическое сопровождение.

B.P. MYRZATAYEVA,*¹

c.ps.s., associate professor.

*e-mail: b.myrzatayeva@turana.edu.kz

ORCID ID: 0000-0002-7990-2132

M.S. TOLEUBAYEVA,¹

master student.

e-mail: 21220917@turana.edu.kz

ORCID ID: 0009-0005-6276-9717

¹ Turan University, Almaty, Kazakhstan

RESEARCH OF THE SOCIO-PSYCHOLOGICAL ADAPTATION PROBLEM OF COLLEGE FRESHMEN

Abstract

The adaptation of first-year students is one of the main problems in the field of modern research. The adaptation period takes place during the entire training period. However, the most important stage is the training in the first year, which requires its own foundation. The professional activity of a future specialist depends on the level of his adaptation. The article presents the results of an ascertaining experiment to study the socio-psychological adaptation of college freshmen. The research work was carried out on the basis of the Almaty State Polytechnic College. The study involved first-year students studying in various fields. The study showed that there are students in the educational institution who find it difficult to adapt. It is necessary to create optimal conditions for the successful adaptation of students to college. In order to overcome anxiety, fear, communication difficulties, correct self-esteem, correct formation of one's self in the process of adaptation to college, a specially developed training program of psychological support should be implemented, aimed at creating a favorable psychological climate in the team, as well as the development of effective interpersonal communication skills.

Key words: adaptation, socio-psychological adaptation, adapting to college, adaptation of college freshmen, psychological support.